

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. "Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 24 тамыздағы N 244 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008 жылғы 1 қазандағы N 258 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 13 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5337 болып енгізілді.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы N 244 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 4939 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2007 жыл , N 10, 284-құжат), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою ережесін:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Әділет департаменттерімен (басқармаларымен) (бұдан әрі - тіркеуші орган) тіркеу істерінде сақталатын құжаттардың мынадай түрлерінің телнұсқасын берудің және күшін жоюдың тәртібін белгілейді:";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4.1 Құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің телнұсқасы құқық иесіне ғана немесе оның уәкілетті өкіліне (бұдан әрі - өтініш беруші) беріледі.";

5 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "құқық белгілейтін құжаттың" деген сөзден кейін "немесе Куәліктің" деген сөздермен толықтырылсын;

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің жоғалуына, бүлінуіне (

бұзылуына) себеп болған жағдайларды көрсете отырып, құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің телнұсқасын беру туралы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің түпнұсқасын жарамсыз деп тану туралы хабарландыру жарияланған жылжымайтын мүлік объектісін тіркелген жері бойынша жергілікті немесе республикалық газеттің данасы.";

6-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) жеке және заңды тұлғаларға жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың телнұсқасын берген кезде жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу үшін алым төлегенін растайтын құжатты".

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің телнұсқасында "телнұсқа" деген белгі және тіркеуші органның осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес мөртаңбасы қойылып, құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің барлық мәтіні болуы тиіс";

8-тармақта "үш" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

9-тармақ алынып тасталсын;

осы бұйрыққа 1, 2-қосымшаларға сәйкес 1, 2-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының
З. Балиева

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2008 жылғы 1 қазандағы
N 258 бұйрығына

1-қосымша

Жоғалған немесе бүлінген
құқық белгілейтін құжаттың
телнұсқасын беру және түпнұсқасының
(куәландырылған көшірмесінің)
күшін жою ережесіне 1-қосымша

(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы)

**Меншік құқығы туралы куәлік немесе құқық белгілейтін
құжаттың телқұжатын беру туралы**

ӨТІНІШ N _____

Тегі, Аты, Әкесінің аты _____

СТН _____

Тұратын жері _____

Жеке басты куәландыратын құжаты: түрі_____, сериясы_____, N_____
Берілді_____, берілген күні_____
(егер өтініш беруші біреуден артық болса ақпаратты қайталау)

Атынан іс-әрекет етеді_____ (уәкілетті өкіл толтырады)
негізінде_____ (өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)

_____ мекен-жайы бойынша орналасқан
жылжымайтын мүлік объектісіне
(құжаттың атауы)

_____ Телқұжатын беруді сұраймын (сұраймыз) Куәлік
немесе құқық белгілейтін құжаттың жоғалуына немесе бүлінуіне (бұзылуына) себеп
болған жағдайлар_____

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:
1. Төленгені туралы құжаты: түрі_____ N_____ сомаға_____ теңге
2. _____
3. _____

(өтініш қабылдаған маманның Т.А.Ә. мен қолы)
Өтініш берген күні:_____ 200__ ж. Уақыты_____ сағ_____ мин
Орындаудың жоспарлы уақыты_____
Өтінішті орындау /қарау/ нәтижесі_____

Тексерілді: күні_____ 200__ ж.

(тіркеуші маманның Т.А.Ә. және қолы)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің

2008 жылғы 1 қазандағы
N 258 бұйрығына

2-қосымша

Жоғалған немесе бүлінген
құқық белгілейтін құжаттың
телнұсқасын беру және түпнұсқасының
(куәландырылған көшірмесінің)

күшін жою ережесіне 2-қосымша

_____		_____		құқығы	(ауыртпалығы)
(объекттің мекен-жайы, кадастрлық нөмірі)				(құқық, ауыртпалықтың түрі)	
_____		_____		тіркелген	
(құқықты тіркеген органның атауы)		_____		(тіркелген уақыты)	
		телқұжаты			
_____		_____		(телқұжатты алуға арыз берген құқық иесінің Т . А . Ә .)	
(құқық белгілейтін құжаттың атауы, күні және нөмірі)					
" ___ "	20 _____ ж.	N _____		арызы	бойынша
				берілген	
		(телқұжатты берген тіркеуші органның атауы)			
Орындаушы	_____			қолы	_____
Бөлім	бастығы _____			қолы	_____
Басшы	_____			қолы	_____